

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № 31/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 шілдеде № 4840 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" заңдарына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 қазандағы №637 қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 тамыздағы №45/10 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3407 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 22 қыркүйекте №149 (22034) "Орталық Қазақстан" және 2015 жылғы 22 қыркүйекте №131 (21882) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 тамыздағы №45/10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы №02/01 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4144 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 ақпанда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде, 2017 жылғы 25 ақпанда №23 (22330) "Орталық Қазақстан" және 2017 жылғы 25 ақпанда №23 (22136) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

3. "Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК